

Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы баланстарын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19-1/277 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 1 шілдеде № 11524 тіркелді.

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 7-10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 27.08.2024 № 134-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы баланстарын әзірлеу мен бекіту қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А.Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 21 сәуір

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 27 мамыр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

_____ В.Школьник

2015 жылғы " " сәуір

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 19-1/277 бұйрығымен
бекітілген

**Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және
бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу
және бекіту қағидалары
1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 27.08.2024 № 134-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу және бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 7-10) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу және бекіту тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 27.08.2024 № 134-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жедел су шаруашылығы теңгерімі – судың нақты бар-жоғын жыл сайынғы бағалау және су тұтынушылардың пайдалануына арналған ағымдағы жылдың сулылығына қарай су ресурстарын қайта бөлу.

2) перспективалы су шаруашылығы теңгерімі – су тұтынушылардың пайдалануына арналған су объектілерінің перспективадағы су ресурстары мөлшерінің болжамы;

3) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – елді мекендер шегінен тыс жерлерде су

қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы басқару мен бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас схемасы (бұдан әрі – бас СРКПҚС) – халықты және экономика салаларының суға перспективалы қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондай-ақ су ресурстарын қорғау немесе олардың зиянды әсерлерін болдырмау үшін жүзеге асырылуы тиіс жалпы ел бойынша негізгі су шаруашылығы және басқа да іс-шараларды айқындайтын құжат;

5) су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемасы (бұдан әрі – бассейндік СРКПҚС) – жалпы су объектісінің бассейні немесе қаралатын аумақ бойынша су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету мақсатындағы іс-шараларды айқындайтын құжат;

6) уәкілетті органның ведомствосы – су қорын пайдалану және қорғау саласындағы іске асыру мен бақылау функцияларын өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын ведомство

3. Бас және бассейндік СРКПҚС әзірлеу ұзақ мерзімді перспективаға экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталған бағдарламалық құжаттарға негізделеді.

4. Бас және бассейндік СРКПҚС-да қаралатын аумақтар мен негізгі өзендер бассейндері бойынша су ресурстарының сандық көрсеткіштері көрсетіледі, су объектілерінің экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйі ескеріле отырып, су тұтыну, су бұру лимиттері белгіленеді.

5. Су көрсеткіштері мен суға перспективалы қажеттіліктерді бағалау суды мемлекеттік есепке алу, су кадастры мен су объектілері мониторингінің деректері негізінде жүзеге асырылады.

6. Бас және бассейндік СРКПҚС-да орта мерзімді үш жылдық кезеңдер көрсеткіштері бөліне отырып, кемінде он бес жылдық ұзақ мерзімді кезеңге әзірленеді.

7. Бас және бассейндік СРКПҚС-да жоспарланған іс-шаралар мыналарға бағытталуы тиіс:

1) өндіріс технологиясын жетілдіру негізінде су ресурстарын ұтымды және үнемді пайдалану;

2) аз сулы және сусыз процестерді пайдалану;

3) суармалы жүйелердегі және сумен жабдықтау жүйелеріндегі су ресурстарының қайтарымсыз ысыраптарын қысқарту;

4) жергілікті су ресурстарын оларды реттеу, өзен ағыстарын бассейнаралық қайта бөлу, тазартылмаған ағынды суларды ағызу көлемдерін қысқарту есебінен мүмкіндігінше пайдалану;

5) қалаларды, елді мекендерді, ауыл шаруашылығы жер-сулары мен басқа да объектілерді су басудың және су тасудың алдын алу.

8. Уәкілетті орган бас және бассейндік СРКПҚС-ны, су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеуді мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен, ғылыми және мамандандырылған жобалау ұйымдарын тарта отырып, бюджет қаражаты есебінен әзірлейді.

2-тарау. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу және бекіту тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 27.08.2024 № 134-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас схемаларын әзірлеу мен бекіту

9. Бас СРКПҚС өңірдің/бассейннің әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамы мен табиғи факторлар тепе-теңдігін сақтау ескеріле отырып, егжей-тегжейлі зерттеулер мен техникалық-экономикалық деректер нұсқаларын салыстыру негізінде су шаруашылығы проблемаларының кешенді міндеттерін шешу мақсатында әзірленеді.

10. Бас СРКПҚС жобасын уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау, индустриялық-инновациялық қызмет, көлік және коммуникациялар, мемлекеттік геологиялық зерделеу, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, өңірлік даму, жер ресурстарын басқару және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.11.2015 № 19-1/1052 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

11. Бас СРКПҚС жобасы қажет болған жағдайда басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісіледі.

12. Уәкілетті орган бас СРКПҚС жобасын ол бекітілгенге дейін қоғамдастықтың талқылауына шығаруды қамтамасыз етеді.

13. Бас СРКПҚС-ны әзірлеу мерзімі үш жылдан аспайды.

14. Бас СРКПҚС бекітілгеннен кейін кемінде әр үш жыл сайын нақтылау және толықтыру рәсімдерінен өтеді.

2-параграф. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемаларын әзірлеу және бекіту

15. Бассейндік су шаруашылығы басқармалары уәкілетті органның ведомствосына бассейндік СРКПҚС әзірлеу жөнінде ұсыныстар береді, оларда бассейндік кеңеске қатысушылар мен қоғамдастықтың ұсынымдары көрсетіледі.

16. Бассейндік СРКПҚС жобасын уәкілетті органның ведомствосы әзірлейді және бақыланатын аумақтары қаралатын бассейнге жататын жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік жоспарлау, индустриялық-инновациялық қызмет, көлік және коммуникациялар, мемлекеттік геологиялық зерделеу, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, өңірлік даму, жер ресурстарын басқару және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерінің келісімі бойынша бекітеді.

17. Бассейндік СРКПҚС-ны әзірлеу мерзімі екі жылдан аспайды.

18. Бассейндік СРКПҚС бекітілгеннен кейін кемінде әр үш жыл сайын нақтылау және толықтыру рәсімдерінен өтеді.

19. Трансшекаралық су объектілеріне арналған бассейндік СРКПҚС Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың талаптары ескеріле отырып әзірленеді.

3-параграф. Су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу және бекіту

20. Су шаруашылығы теңгерімдері су объектілері бассейндері, экономикалық аудандар және жалпы республика бойынша су ресурстарының бар-жоғын және оларды пайдалану мүмкіндіктерін бағалау мақсатында әзірленеді.

21. Су шаруашылығы теңгерімдері жедел және перспективалы болып бөлінеді.

22. Су объектілерінің бассейндері бойынша жедел су шаруашылығы теңгерімдерін әр жылдың қорытындысы бойынша бассейндік су шаруашылығы басқармалары әзірлейді және уәкілетті органның ведомствасы олардың жылдық есептері құрамында келесі жылдың сәуір айынан кешіктірмей қабылдайды.

23. Жалпы республика бойынша перспективалы су шаруашылығы теңгерімі бас СРКПҚС-ның құрамдас бөлігі болып табылады және оның құрамында бекітіледі.

24. Жекелеген су объектісі бассейнінде қолайсыз ахуал қалыптасқан жағдайда, уәкілетті орган су тұтынушылар арасында су ресурстарын қайта бөлу және жаңа өндірістік күштерді орналастыру мүмкіндігін анықтау мақсатында тиісті су объектісі бассейні бойынша перспективалы су шаруашылығы теңгерімін әзірлеу туралы шешім қабылдайды.